

ТУУ

ЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
Л ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

нонь Сенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Артель Уставы—колхоз өмірінің бұлжымас берік заңы. Уставтың бұзылуын ақырына дейін жойып, колхоздардың ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайтылуын қамтамасыз ету—партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындарының алдында тұрған негізгі міндет.

қырына

ін

өңсіз жәбір жасау-
алған жоқ.
өз өмірінің негізі.
мен совет үкметі
ы сақтауға, оған
қарауға тынбай
ді. Олай болса, Ус-
титтей де болса
ары тарапынан да
іс. Бірақ, кейбір
еріне жүктелген
жауапсыз қарап,
үлетін молайту жә-
нұқсан келтіріп
қ прокурорының
ген міне, дәл осы
хоз құрылысы жа-
лып бақты. «Побе-
лмысты істердің,
адоричтің Уставты
әшкерелегені үшін
уғын жасап, оны
тартпақ болды.
мысты ісіне едәуір
окуратураның да
етуіміз керек. Өйт-
дерінің қызметкер-
лап қоймайды, ар-
тықтың қандай да
шала тиісті соққы

Шөп машиналарының қуатын сарқа пайдалану—табыс шарты



Графикті қалай орындап жүрмін

Быйыл шөп машинасымен алғаш рет шөп шабамын. Сондықтан шөп шабуға күнібұрын тыңғылықты әзірлік жүргіздім, өз машинамды сапалы жөндеп, оның жұмысқа толық қуатымен пайдаланылуын қамтамасыз етуді қарастырдым. Осыдан кейін Оңтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің быйылғы жылы мал азығының кемінде біржарым жылдық қорын жасау жөніндегі негізгі бастамасына жауап ретінде ат шөп машинасымен шөпті көп шабу жолындағы социалистік жарысқа ұштасып, көтеріңкі міндеттемелер алдым.

Шөп шабудың алғашқы күндерінен бастап машинаны үздіксіз жұмысқа қосып, күндік графикті толық орындап отыруға өзімнің күшім мен қаблетімді аямай жұмсадым. Бұл үшін еңалдымен машинаны ұдайы жоғары техникалық күтімде ұстадым да, бүкіл тәулік бойына өнімді жұмыс істедім. Әрине, машинаны жақсы техникалық күтімде ұстаумен іс бітпейді. Олай болса, шөпті көп шабудың ендігі бір басты шарты —жұмыс

уақытын ұтымды пайдалану, уақытпен санаспай еңбек ету. Мұны былайша жүзеге асырдым. Алғашқы кезде күндік норманы дәлме- дәл ғана орындадым. Менің бұдан кейінгі негізгі мақсатым — норманы артығымен орындау болды. Бұған жоғары да айтылғандай, машинаны баптап ұстау және жұмыс уақытын дұрыс пайдалану арқасында жеттім. Бұрын, яғни сменалық тапсырманы дәлме- дәл орындап жүрген кезде, шөп шабуды күн көтеріле бастайтын едім. Кейін мен шөп шабуды таңеріден бастап, қасқарай аяқтайтын болдым.

Кәзір смена сайын 4,5—5 гектар жердің пішенін шауып жүрмін. Шөп шабу науқаны басталғаннан бері 50 гектар шабындықтың пішенін шаптым. Мен алдағы уақытта күндік норманы кәзіргіден едәуір асыра орындаймын деп отырмын.

С. БАЙТЕНОВ,

Преснов ауданы, «Сталин жолы»
колхозы шөп машинасының машинисі.



Машиналар шөп шабуға қосылмай отыр

дательдері Сидорич және Пұтыманов дегендердің колхоз дәулетіне суық қолдарын сұққандығына, олардың артельдің мал- мүлкін, азық- түлігін және қаражысын талаң- таражға салуына көріне- көзге жол берді. Колхоз құрылысына жат бұл сияқты әдетті тыю, айыпты адамдарды партия және мемлекеттік қатаң жауапқа тарту ісін ұйымдастыруда ымырашылық көрсетті.

Мұндай жағдай Полудень ауданының колхоздарында да кеңінен етек алғандығы даусыз. Аудандық Совет аткомі, оның бұрынғы председатели Марков артель Уставын бұзушыларды аяусыз жазалау орнына, солардың жетегінде кетті. Марков өзінің қызмет бабын пайдаланып, колхоздың азық- түлігін, шошқасын ақысыз пайдаланды. Өзінің бұл қылмысын әшкерелеген «Прогресс» колхозының мүше-

бұл — колхоздарға басықшылық жасаудың негізгі мәселесінің бірі.

Колхозшылардың дербас мүдделерімен колхоздардың қоғамдық мүддесін бір-бірімен ұштастыру колхоз шаруашылығын нығайтудың басты шарты. Сталин жолдасы бұл нұсқауы ауылшаруашылық артелінің түйінді мәселесі. Сондықтан бұл екі мүддені бір-бірімен шеберлікпен ұштастыра білу керек. Бұл — ең алдымен, колхоздардың негізгі күші болып саналатын — қоғамдық шаруашылықты өркендетіп, нығайту керек деген сөз.

Артель Уставы — колхоз өмірінің бұлжымас берік заңы. Уставтың бұзылуын ақырына дейін жойып, колхоздардың ұйымдық- шаруашылық жағынан нығайтылуын қамтамасыз ету — партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындарының алдында тұрған негізгі міндет.

Коммунизм құрылыстары — бүкілхалықтық іс

Амудариядағы ұлы құрылыс

ТАХИА- ТАШ, 25 июнь. (СОТА). Көмекші құрылыстар және механикаландыру ауданының коллективі Тахиа- Таш су қоймасы құрылысына әзірленуде. Жеті құттық экскаватордың монтажы жасалып бітті, жамбы қазатын экскаваторды байқау жұмыстары аяқталды. Көптеген машиналар үлкен котлован қазады. Су торабы ауданында қуатты механикаландыру базасы құрылуда.

Бағдасаров жолдас басқарған жол құрылысы участогінің коллективі келесі жылдың есебіне жұмыс істей бастады. Ол жол құрылыстары, суландыру магистралдары және су бөлгіштер құрылысы жөнін-

дегі тапсырманы мерзімінен бұрын орындады. Монтаж жасаушылар ірі табыстарға ие болды. Олар электр қуатын беретін жоғары вольтті линиялар, трансформаторлық көмекші станциялар жабдықтау жұмыстарының мерзімін екі есе қысқартты, диспетчерлік байланысты жабдықтап, су проводын ұзартты.

Алғашқы № 303 жер қазу снарядының монтажы аяқталғандығы жөнінде Чарджоудан хабар алынды. Ол суға түсірілген. Еділ- дондықтар басқарған снарядтың экипажы Тахиа-Таш мүйісіне жөнелтіледі.

Еділ-Дондағы порттар мен пристаньдер

СТАЛИНГРАД, 25 июнь. (СОТА). Еділ-Дон су жолындағы жаңа порттар мен пристаньдер құрылды.

Калач портынан басқа Цимлянск порти жабдықталды. Металдан жасалған қабырғалармен қоршалған порттың су қоймасы жағында арнаулы жамбылар бар. Ол теңіздегі дауыл кезінде кемелердің тынық гаваньді тұруына мүмкіншілік жасайды.

Красноармейск және Цимлян порттары арасында 14 пристань жасалған және тоқтайтын жеті пункт бар. Сталинград пен

Калач арасындағы су жолындағы төрт пристань және бірнеше тоқтау пункттері жабдықталған. Красноармейскіден Дондағы Ростовқа дейінгі Еділ- Дон су бойының барлық пристаньдарында суда жүзіп жүретін вокзалдар- лебаркадерлер орнатылған.

Еділ- Дондағы порттар мен пристаньдардың кеме тоқтайтын жерлері жүк тиеу және түсіру машиналарымен жабдықталған.

орындау жөнінде бір-бірімен өзара сөзіндістік жарысқа түскен болатын. Бұл күндері олар машиналарын үздіксіз жұмысқа қосу және жұмыс уақытын тиімді пайдалану нәтижесінде күндік норманы смена сайын асыра орындап жүр.

Игілікті іс

СМИРНОВО. (Телефон арқылы алынды). Быйыл мал азығының біржарым жылдық қорын жасауға міндеттенген Сосвет ауданындағы «Көктерек» ауылшаруашылық артелінің колхозшылары барлық күш- мүмкіншілікті жұмылдыра отырып, шөп шабу жұмысын алғашқы күннен жедел жүргізуде. Мұнда шөп шабуға екі кең алымды, 2 ат шөп машинасы қосылған. Колхоз басқармасы пішеншілердің өнімді еңбек етуіне қажетті жағдайдың бәрін жасаған.

Осының арқасында бұл колхозда шөп шабудың бескүндік графигі үнемі асыра


қыстаулары жанына шөп тасылды және оны маяға салады. Бұлардың әрқайсысы күнбе- күн табысты еңбек етіп жүр. Осының нәтижесінде мал қыстаулары жанына 200 центнер шөп тасылды.

Ж. СЕЙІТБЕКОВ.

орындалып келеді. Мысалы, колхоз 20 июньнен 25 июньге дейін 190 гектар жердің шөбін шабу орнына, 240 гектар жердің шөбін шапты.

Шөп шабуда колхоздың алдыңғы қатарлы пішеншілері қажырлы еңбектің үлгісін көрсетуде. Машинистер Қаскеев, Оспанов және Б. Серғазин жолдас-тар күніне үшжарым гектар жердің шөбін шабу орнына, 5-6 гектар жердің шөбін шауып жүр.

Кәзір колхозда жемшөп дайындау жұмыстары қызу қарқынмен жүргізіліп жатыр.



Тракторға тіркелетін шөп машиналарының Ю. Дугеев жолдас басқарған агрегаты Петропавл ауданындағы «Луч Ленина» колхозында 300 гектардай жердің пішенін шапты. Агрегаттың сменалық көрсеткіші — үнемі 40 гектар.

СУРЕТТЕ: Ю. Дугеевтің агрегаты шөп шауып жүр.

Суретті түсірген А. Розенштейн,

Мұны айқын көмбайн дағыдай ленген деп, оны өткіздік. байынның тердің ба комбайнш отырып, кемшілік шық. Ком шектерін қабылдау деген ба

Егін о мамандар мен бірле күндік. жасадық. мыстарды режесіне та жұмы отырып, дың нақ Колхоз б мызды к ның төк жағдай : су жетк даулы а бункерін машинам лікті мө Өзіміз ге қарай бөлдік. І калық в ты аяқт дері, әс күтімге жұмыла комбайн болттард тіптесе, жұмысы Комба

Р М Ы С Ы

ық қалдықтарға
сқары қалған

олатын. Бі-
й шаруасын-
луыма мәж-

тің секретарь-
Божатовтың
ына қатына-
е тыйым са-
сатов өзінің
көнінде куә-
орияш Божат-
ға мәжбүр

нің секретарь-
түсінің жа-
ш шешемді
оды, ал, Мү-
етін. Божатов
нда ұялмас
(Мәрияшты)
ы.

кенде оқы-
мған аузын
нудан неге
омол жый-
йым салған-

байшылық
н Божатов
партия ко-
күтілген еді.
ықты. Жас
ық комитет
Олар Мә-
«қыңыр-
қосылуға»

андық пар-
ба алмаған
семьясына

«Қазақстанның 30 жылдығы» колхозы-
ның председатели Құрманғожинге көп
әйел алғаны үшін қатаң сөгіс жарияла-
ғандығына сүйенеді.

Бірақ, аудандық комитеттің секретарь-
лары бұл жөнінде басқа бір жайды: неке
жөніндегі совет заңдарын бұзушыға
ымырашылық жасағаны үшін аудан
басшыларын қатты сынап, облыстық
«Ленин туы» газеті бірнеше рет жазған-
нан кейін ғана аудандық комитеттің
Құрманғожиннің тәртібін талқылауға
мәжбүр болғандығын айтуды ұмытады.

Феодалдық-байшылық қалдықтарға
және оны қоздырушыларға қарсы күрес
жүргізуде Октябрь аудандық партия ко-
митетінің бар істегені осы ғана. Ол ең-
бекшілердің үніне құлақ аспайды, олар-
дың дабылдарын елемейді. Аудандық ко-
митеттің жасы толмаған қазақ қыздарын
тұрмысқа шығаруға қатынасқан комму-
нистердің лайықсыз тәртібін ұзақ уақыт
бойы талқыламауы жөніндегі факті оның
мұндай дабылға немқұрайды қарайтын-
дығын дәлелдейді. Аудандық комитет
феодалдық-байшылық қалдықтарға қар-
сы күрес мәселелеріне жете назар аудар-
майды, мұндай мәселелер аудандық ко-
митеттің пленумдарының және бюро мәж-
лістерінің талқылауына бірде-бір рет
қойылған емес.

Аудандық партия комитеті еңбекшілер
арасында саяси-тәрбие жұмысын кү-
шейтуге қамқорлық жасамайды. Сондық-
тан да мұндай жұмыс көптеген колхоз-
дарда оқта-текте ғана жүргізіледі. Лек-
циялық насихат мүлде бетімен жіберіл-
ген. Соңғы жылдың ішінде еңбекшілерге
коммунистік тәрбие беру жөнінде, капи-
тализмнің адамдар санасындағы қалдық-

Оқушылардың
спартакиадалары

Петропавл

қаласы

Мектеп оқушыларының еңбек-резервтері
және ет комбинаты ФЗО мектебі оқушы-
ларының қалалық спартакиадасы аяқтал-
ды. Оған қаланың 200-ден астам жас
спортшылары қатысты. Спартакиаданың
программасында жеңіл атлетика, волей-
бол, баскетбол және гимнастика болды.

Спартакиаданың негізгі түрлерінің бірі —
жеңіл атлетика басталардан бұрын во-
лейбол және баскетбол жарыстары өткі-
зілді. Жарыста Ленин атындағы қыз ба-
лалар орта мектебі мен Киров атындағы
ер балалар орта мектебінің волейболшы-
лары ерекше көзге түсті. Бұл екі коман-
даның екеуі де өз группалары бойынша
бірінші орынға ие болды. Баскетболшылар
командалары ішінен ет комбинаты ФЗО
мектебінің командасы бірінші орынды же-
ніп алды.

17 июньде жаяу жүгіруден, биіктікке
секіруден, диске лақтырудан жас қыздар
мен ер балалардың жас өспірімдер мен
қыздардың жарыстары өткізілді. Жарыс
басталғаннан ақ жарыстың әрбір түрі
бойынша бірінші орынға ие болу үшін
күрес қыза түсті. Әсіресе, жас өспірімдер
мен қыздардың 100 метрлік жаяу жарысы
қызықты өтті. Бұл жарыста № 1 және
№ 2 орта мектептердің оқушылары Ша-
повалова, Кузиев, Акушева бірінші орын-
дарды жеңіп алды. Ленин атындағы орта
мектептің оқушысы Т. Радченко 800
метрлік жаяу жүгіру жарысында жас
өспірімдердің 1946 жылғы республикалық
рекордын жаңартты. Бұл күні Радченко
биіктікке секіруден де бірінші орын
алып, қалалық жаңа рекорд жасады. Ки-
ров атындағы орта мектептің оқушылары
Пашевин мен Шестаков зор табысқа жет-
ті.

Спартакиадада командалық бірінші

Совет Үкметінің АҚШ және Великобритания үкметтері-
не Триест мәселесі жөнінде жолдаған ноталары

24 июньде ССРО Сыртқы Істер Минис-
трі А. Я. Вышинский Великобританияның
елшісі Гаскойн мырзаға және АҚШ-тың
дипломатиялық өкілі Камминг мырзаны
Ерікті Триест Жерінің англиялық-америка-
лық «А» аймағын басқаруға Италияның
қатысуы жайында АҚШ, Великобритания
және Италия үкметтері арасында жасал-
ған келісім туралы мәселе жөнінде нота-
лар тапсырды.

Төменде АҚШ үкметіне жолдаған нота-
ның текеті көрсетіледі.

«10 майда Ерікті Триест Жерінің анг-
лиялық-америкалық «А» аймағын басқа-
руға Италияның қатысуы туралы мәселе
жайында АҚШ, Великобритания және
Италия үкметтері арасында жасалған
келісімнің жариялануына байланысты Со-
вет Үкметі мынаны білдіруді қажет деп
табады:

1951 жылғы 17 ноябрьде Совет Үкметі
АҚШ үкметіне, сол сияқты, Великобрита-
ния мен Франция үкметтеріне жоғарыда
аталған батыс мемлекеттерінің ресми
өкілдерінің баспасөз бетінде жарияланған
мәлімдемелері жайында нота жолдап, бұл
мәлімдемелерден көрініп отырғаныдай,
АҚШ, Великобритания және Франция үк-
меттері Италия мен Югославия үкметтері-
нің қатысуымен, Ерікті Триест Жерін Ита-
лия мен Югославияға бөліп беруге әзір-
лік жасап жатқанын көрсетті. Мұнымен
бірге, Совет Үкметі өзінің нотасында Ерік-
ті Триест Жерін бөлу ниеті Италиямен бі-
тім договоры бойынша бейтарап деп та-
нылған бұл жерді, оның адам және мате-
риалдық қорларын агрессиялық Атланти-
ка блогінің соғыс жоспарларына бейімдеу-
ді, Триест ауданын АҚШ пен Великобри-
танияның тұрақты соғыс және соғыс-теңіз
базасы етіп қалдыру мақсатын көздейтінін
көрсетті.

Сол сияқты, нотада Триесті бөлу —
Италиямен бітім договорын бұзу саясаты-

дауға толық шаралар қолдануын ұсыны-
ды.

АҚШ пен Великобритания үкметтері
хауіпсіздік советінің Ерікті Триест Жері
губернаторын тағайындауға, оккупациялық
тәртіпті жоюға және оккупациялық әскер-
лерді Триест Жерінен шығаруға, сөйтіп,
Триест туралы Италиямен жасалған бітім
договорын орындаудың алғашқы қадамын
жасауға өздеріне байланысты тиісті шара-
лар қолданбағаны былай тұрсын, қайта
жоғарыда айтылған договорды онан әрі
бұзды.

Лондонда 3 апрельден 9 майға дейін
АҚШ, Великобритания және Италия
үкметтері арасында жүргізілген келіссөз-
дер Ерікті Триест Жерінің «А» аймағын
басқаруға Италияны қатыстыру туралы
келісім жасаумен аяқталды. «Біріккен
корольдік пен Құрама Штаттар әскерде-
рінің командашылары өздерінің аймақты
басқару жөніндегі барлық өкілдіктерін
сақтайды» деп белгіленген келісімнің
текстінен көрініп отырғаныдай, бұл ай-
мақты Солтүстік-Атлантика блогінің аг-
рессиялық мақсаттарына пайдаланып
отырған ағылшын-американ оккупациялық
өкмет орындары бұрынғысынша Ерікті
Триест Жерінің «А» аймағының толық
қожайыны болып қалады. Жоғарыда көр-
сетілген келісімді жасап, АҚШ пен Ве-
ликобритания үкметтері Ерікті Триест Же-
рін соғыс күшімен оккупациялау тәртібін
ұзақ уақытқа баянды етіп қалдыруға,
сөйтіп, ағылшын-американдардың Триест
Жеріндегі заңсыз жасалған соғыс және
соғыс-теңіз базасын сақтауға тырысады.

АҚШ, Великобритания және Италия үк-
меттері арасында 9 майда жасалған келі-
сім Европада бейбітшілікті сақтау мін-
деттеріне ешқандай қатысы жоқ мүдделер-
ді көздейді. Бұл 1947 жылғы 10 февраль-
да Италиямен Ерікті Триест Жері туралы
бітім договорының қаулыларын онан әрі
бұзуды, мұнымен бірге, Триест халқын

«Мен 1950 жылы 9 класты бітірген едім. Одан әрі оқый бергім келді, бірақ, осы мектептің мұғалімі Күзенбай Божатов мені өзіне тұрмысқа шығуға мәжбүр етті. Ол менің педагогикалық білім алуы-

Феодалдық- байшылдық қалдықтар жөнінде әңгіме болған сайын аудандық партия комитетінің секретарьлары Сухов пен Борнич жолдастар ауданда ондай қалдықтарға және оны қоздырушыларға қарсы пешуші күрес жүргізледі деп бірауыздан мәлімдейді. Бұл арада олар өткен жылы аудандық партия комитеті бюросының

Октябрь ауданында. Феодалдық-байшылық қалдықтардың әлі орын-теуіп отырғандығы Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетіне әбден мәлім. Мұнда аудандық партия комитетінің ондайлармен төзімділік жасап отырғандығы да белгілі. Бірақ, облыстық партия комитеті аудандық комитеттің басшыларының қателіктерін түзеу, феодалдық-байшылық ғұрыптарды қоздырушыларға және оларды қорғаушыларға қарсы күресті күшейту үшін тиісті шаралар қолданбай отыр.

(«Қазақстан правдасы» 22 июнь).

Ш. ҚҰСАЙЫНОВ.
—
МУЗЫКА МЕКТЕБІН БІТІРІП
ШЫҚҚАНДАР

Жыйналгандарга концерт берілді. Концерттин биринши белимин Досаева, Лузина, Долович және Головкова ашты. Олар рояльда Совет Одагының Гимнин орындады. Жас музыкашылар баянмен, сырнаймен бирнеше куй тартты.

ПАРИЖ, 26 июнь
газеті Жак Дюклон
және басқа патриот
далуына қарсы пар
Францияда болып ж
нифестациялар мен
теген хабарлар жар

ПХЕНЬЯН, 26 ию
Халық- Демократия
лык армиясының Ба
июньде былай деп х
Өткен күні барлы
лериядан сұрапыл о
Коранпхоның солт
ның батыс ауданда
армиясының әскерле

Бірақ, аудандағы Киров атындағы қолхозда мектепті жаңа оқу жылына әзірлеудің жайы бұдан мүлдем басқаша болып отыр. Рас, колхозшылар Совет ауданы еңбекшілерінің бастамасын қызу қолдап, жаңа оқу жылына әзірлік ісінде мектепке тиісті көмек көрсету жөнінде өздеріне нақтылы міндеттемелер алды. Үндеуді

С. СЕРІҚБАЕВ,
Х. ИМАНОВ.

Совет ауданы енбекшілерінің бастамасы. Образцовая МТС-і механизаторлары арасында да зор өрлеу туғызды. Олар өздерінің қамқорлығына алған Покровка жет-жылдық мектебіне 25 текшеметр отын та-сып берді.

Д. ЭБІЛКАСОВ.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакция және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс ет...